



"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғанышылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 сәуірдегі № 82 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 4 сәуірде № 32226 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғанышылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Техникалық және кәсіптік білім беру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бүйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министре жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министри*

Г. Бейсембаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрлігі

Казақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі
2023 жылғы 3 сәуірдегі
№ 82 бұйрығына
қосымша/

"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында білім алатын және тәрбиеленетін жекелеген санаттағы азаматтарға, сондай-ақ қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы адамдарға тегін тамақтандыруды ұсыну тәртібін айқындайды.

2. "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

3. Мемлекеттік қызмет жекелеген санаттарға жататын жеке тұлғаларға, сондай – ақ қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларға, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және (немесе) олардың ата-аналарына, занды өкілдеріне (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

4. Тегін ыстық тамақ алуға құқығы бар азаматтардың жекелеген санаттарына жататын адамдар "Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысында айқындалған.

2-тaraу. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

5. Көрсетілетін қызметті алушы тегін тамақтануды алу үшін осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне (бұдан әрі - Тізбе) көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті берушінің кеңесіне www.egov.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы, "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорациясы) немесе ұялы байланысының абоненттік құрылғысы арқылы өтініш береді.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де

мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидалардың 2-қосымшасында келтірілген.

6. Құжаттарды көрсетілетін қызметті беруші және (немесе) Мемлекеттік корпорация арқылы қабылдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

7. Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландағыратын құжатты, отбасыларда тәрбиленетін жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балалар үшін, қорғаншылық (қамқоршылық), патронаттық тәрбие туралы мәліметтерін, (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын ақпаратты көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

8. Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидалардың 2-қосымшасының 8-тармағында көзделген тізбеке сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші немесе Мемлекеттік корпорация қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 4-қосымшага сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Портал арқылы жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметке сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі құжаттар түсken күні оларды қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті берушіге қарауға жолдайды.

Құжаттар портал арқылы түсken жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші құжаттар тіркелген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Қызмет көрсету мерзімі 5 (бес) жұмыс күнін құрайтын мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту негізі анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының алдын ала шешім бойынша позициясын білдіруіне мүмкіндік беру үшін өткізілетін тыңдаудың уақыты, күні мен орны туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші тегін тамақтандыруды ұсыну туралы хабарлама дайындауды немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті беруші 3 (үш) жұмыс күні ішінде құжаттардың осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін қарайды, қорытындысы бойынша осы Қағидаларға 3-қосымшага сәйкес нысан бойынша тегін тамақтандыруды ұсыну туралы хабарлама дайындауды және оны көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға жібереді.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің кеңесінде және (немесе) Мемлекеттік корпорацияда жеке басын куәландағыратын құжатты

(не нотариалды куэландырылған сенімхат бойынша оның өкілінің) көрсеткен кезде қолма-
қол беріледі.

Бұл ретте мемлекеттік қызмет көрсетеу нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға
жеткізу мемлекеттік қызмет көрсетеу мерзімі аяқталғанға дейін бір тәуліктен
кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Порталда мемлекеттік қызметті көрсетеу нәтижесі көрсетілетін қызметті
алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті беруші басшысының электрондық
цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында
жіберіледі.

9. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы
тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ,
қорғанышылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды
ұсыну жөніндегі мемлекеттік көрсетілетін қызмет проактивті тәсілмен, қызметті
берушінің бастамасымен көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының
абоненттік құрылғысының телефон нөмірін www.gov.kz "электрондық үкімет" веб-
порталында тіркеген кезде көрсетілетін қызметті берушінің және мемлекеттік
органдардың ақпараттық жүйелері арқылы, проактивті жолмен көрсетілуі мүмкін және
оған:

1) көрсетілетін қызметті алушыға техникалық және кәсіптік, орта білімнен
кейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген
санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғанышылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы
тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсетуге
сұраным жасалған автоматты хабарлама жіберу;

2) проактивті қызметті көрсетуге көрсетілетін қызметті алушының келісімін алу,
сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыдан өзге де қажетті, оның ішінде көрсетілетін
қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысының көмегімен шектеулі
қолжетімді мәліметтерді алу енеді.

Көрсетілетін қызметті алушыдан жауапты күту мерзімі сұрау салуды алған
сәттен бастап 24 (жиырма төрт) сағатты құрайды.

10. Мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған құжаттарды қараудың жалпы
мерзімі 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

11. Көрсетілетін қызметті алушының (өкілдің) өтініші болмауына байланысты
мерзімінде берілмеген құжаттар бір ай бойы Мемлекеттік корпорацияда сакталады, осы
мерзім өткеннен кейін көрсетілетін қызметті берушіге талап етілмеген ретінде
қайтарылады.

12. "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы
Заңының 5-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес (бұдан әрі - Заң)
көрсетілетін қызметті беруші ақпараттандыру саласындағы уәкілдегі орган белгілеген
тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсетеу мониторингінің ақпараттық жүйесіне
мемлекеттік қызмет көрсетеу сатысы туралы деректерді енгізуі қамтамасыз етеді.

13. Заңың 10-бабының 5) тармақшасына, 14-бабының 3) тармақшасына, 23-
бабына сәйкес орталық мемлекеттік орган осы Қағидаларға өзгерістер енгізілген және
(немесе) толықтырылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оларды жаңартып және
көрсетілетін қызметті берушілерге, Бірыңғай байланыс-орталығына, Мемлекеттік
корпорацияға жолдайды.

3-тaraу. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсете процесіндегі шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

14. Мемлекеттік қызметтер көрсете мәселелері жөніндегі шағымның қаралуын жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсете сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға жібермеуге құқылы.

15. Көрсетілетін қызметті алушыдан көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен шағым Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

16. Көрсетілетін қызметті алушыдан шағымды қарайтын органның атына келіп түскен шағым тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

17. Егер Қазақстан Республикасының зандарында өзгеше көзделмесе, сотқа Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жүргінуге жол беріледі.

"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тاماқтандыруды үсыну" мемлекеттік қызмет көрсету қафидаларына 1-қосымша

Нысан

(көрсетілетін
берушінің
білім беру үйимының қызметті
атауы)
басшысы

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда))

мекен-жайы бойынша тұратын

(көрсетілетін
алушының
Т.А.Ә.(бар болған жағдайда)) қызметті

Өтініш

Сізден

(оқу орнының атауы) ____ курсы ____ тобында білім алатын үлем (қызым)

—
(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)
тегін тاماқтандыруды үсынуды сұраймын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпия мәліметтерді пайдалануға

келісім беремін.

20 ____ жылғы " " _____
(қолы) (Т.А.Ә. (бар болған жағдайда))

"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына 2-қосымша

"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Мемлекеттік қызметті техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары көрсетеді
2	Мемлекеттік көрсітілетін қызметті ұсыну тәсілдері (жеткізу арналары)	<p>Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі; 2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация); 3) "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады; 4) www.egov. kz-те тіркелген ұялы байланысының абоненттік құрылғысы арқылы.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	<p>1) көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап - 5 жұмыс күні; Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.</p>

		<p>Көрсетіletіn қызметті беруші мемлекеттік көрсетіletіn қызмет нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей жеткізуі қамтамасыз етеді;</p> <p>2) көрсетіletіn қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсыру үшін жеке тұлғаларға күтудің барынша рұқсат етілген уақыты - 20 минут, Мемлекеттік корпорацияға - 15 минут</p> <p>3) көрсетіletіn қызметті алушыға көрсеттіletіn берушінің кеңсесі арқылы қызмет көрсетудің барынша рұқсат етілген уақыты - 30 минут, Мемлекеттік корпорация арқылы-15 минут.</p>
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрінде/проактивті
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	<p>Тегін тамақтандыруды ұсыну туралы хабарлама не осы Тізбенің 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру нысаны: Электрондық (ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрінде/проактивті.</p> <p>Порталда көрсетіletіn қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі жолданады және сақталады. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі проактивті нысанда тегін тамақтандыруды ұсыну туралы көрсетіletіn қызметті алушының абоненттік нөміріне хабарлама түрінде жіберіледі.</p>

6	<p>Мемлекеттік қызмет көрсетеу кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері</p>	<p>Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға, сонымен қатар проактивті түрде тегін көрсетіледі.</p>
7	<p>Жұмыс кестесі</p>	<p>1) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, көрсетілетін қызметті берушінің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.00-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ға дейін.</p> <p>2) Мемлекеттік корпорация: Қазақстан Республикасының <u>Еңбек кодексіне</u> сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің дайын нәтижелерін беру Мемлекеттік корпорация арқылы дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, Мемлекеттік корпорацияның халықта қызмет көрсетеу кезекші бөлімдері дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін жүзеге асырылады.</p> <p>3) портал/ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы: жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетеу нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). Мемлекеттік қызмет көрсетеу орындарының мекенжайлары:</p>

		<p>1) көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz интернет-ресурсында;</p> <p>3) www.egov.kz. порталында орналасқан.</p>
8	Мемлекеттік қызмет көрсетеү үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	<p>Көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) Мемлекеттік корпорацияға:</p> <p>1) белгіленген нысандағы өтініш;</p> <p>2) жеке қуәлік немесе цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);</p> <p>3) туу туралы қуәлік - көп балалы отбасылардың балалары үшін (2007 жылғы 13 тамызға дейін туылған жағдайда) немесе цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);</p> <p>4) қорғаныштықты (қамқоршылықты), патронаттық тәрбиелеуді бекіту туралы анықтамалар - жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, отбасыларда тәрбиеленетін балалар үшін;</p> <p>5) мүгедектігі туралы анықтамалар - мүгедектігі бар адамдар және бала кезінен мүгедектігі бар адамдар үшін немесе психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы - даму мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін;</p> <p>6) өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын ақпарат;</p> <p>7) табысы туралы мәліметтер (жұмыс істейтін ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың еңбекақысы, кәсіпкерлік қызметтен және басқа да қызмет түрлерінен түсетін табыстар, балаларға және басқа да асырауындағыларға алимент түріндегі табыстар) - мемлекеттік</p>

атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардан шыққан балалар үшін. Білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқитын студенттер үшін:

- 1) белгіленген нысандағы өтініш;
- 2) оқу ұйымына қабылдау туралы бұйрық.

2, 3, 4-тармақтарда көрсетілген құжаттар түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, салыстырып тексерілгеннен кейін түпнұсқалар өтініш берушіге қайтарылады.

Порталда:

- 1) белгіленген нысандағы өтініш;
- 2) туу туралы күелік - көп балалы отбасылардың балалары үшін (2007 жылғы 13 тамызға дейін туылған жағдайда);

- 3) қорғаншылықты (қамқоршылықты), патронаттық тәрбиелеуді бекіту туралы электрондық анықтамалар - жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, отбасыларда тәрбиеленетін балалар үшін;
- 4) табысы туралы мәліметтер (жұмыс істейтін ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың еңбекақысы, кәсіпкерлік қызметтен және басқа да қызмет түрлерінен түсетін табыстар, балаларға және басқа да асырауындағыларға алимент түріндегі табыстар) - мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардан шыққан балалар үшін. Білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық

		<p>және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқитын студенттер үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) белгіленген нысандағы өтініш; 2) оқу ұйымына қабылдау туралы бұйрық. <p>Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын қуәландыратын құжатты, туу туралы қуәлігі, қорғаншылық (қамқоршылық), отбасыларда тәрбиеленетін жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін патронаттық тәрбие туралы мәліметті, (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын құжатты, мүгедектігі туралы мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.</p>
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген, соның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқықтан айырылған сот шешімінің болуы;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы <u>Заңының 8-бабына</u> сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.</p>

10	<p>Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар</p>	<p>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және жағдайы туралы ақпаратты мемлекеттік қызмет көрсету мәселесі бойынша бірыңғай байланыс орталығы, сонымен қатар www.egov.kz-те тіркелген ұялы байланысының абоненттік құрылғысы арқылы алу мүмкіндігіне ие. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша ақпараттық қызметінің байланыс телефондары Министрліктің www.edu.gov.kz интернет-ресурсында "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша Бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ 1414, 8-800-080-7777 бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Порталдағы "жеке кабинеттен" ұсынылған мәліметтер сұратылып отырған түлғаның келісімі болған жағдайда, сондай-ақ порталдағы хабарламаға жауап ретінде бір реттік парольді беру жолымен немесе қысқа мәтіндік хабарламаны жіберу жолымен субъектінің порталда тіркелген ұялы байланыстың абоненттік нөмірі арқылы үшінші</p>
----	--	---

тұлғалардың электрондық сұрау
салуы.

Жүктеу

"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаныштық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына 3-қосымша

Нысан

Тегін тамақтандыруды ұсыну туралы хабарлама

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

білім беру үйымында

20___-20___ оқу жылында тегін тамақтандырумен қамтамасыз етілетін білім алушылар

тізіміне енгізілгені үшін берілді.

"___" 20___ жылы

(білім беру үйымы
басшысының қолы)

"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына 4-қосымша

Нысан

Өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 2-тармағын басшылыққа ала отырып, Сіздің мемлекеттік қызмет көрсету тәртібінде көзделген тізбеке сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбауызыға байланысты Мемлекеттік корпорация (мекен-жайын көрсету) "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызметін көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартады:

Жоқ құжаттардың атауы:

- 1) _____ ;
2) _____ ;

Осы қолхат әр тарапқа бір-бірден 2 (екі) данада жасалды.

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) _____ Мемлекеттік корпорация қызметкерінің
қолы)

(көрсетілетін қызметті берушінің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) (қолы)

Алдың: _____

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) (көрсетілетін қызметті алушының қолы)

" ____ 20 ____ жыл.